



ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

2025 жылғы «30» _____ ақ

Атырау қаласы

Бұдан әрі «Тараптар» деп Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы (әрі қарай-Инспекция) және «О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі» (әрі қарай – Колледж) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен бекітілген «2025-2027 жылдарға арналған «Адал азамат» идеалдарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және жеке қасиеттерін ілгерілету жөніндегі жол картасы» (әрі қарай – Жоспар) бойынша, ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде жастардың ортасында патриоттық көзқарастарды және мемлекеттік қызмет атқару ерекшеліктерін дәріптеу мақсатында меморандумына қол қойылды.

Меморандум ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде жастардың ортасында патриоттық көзқарасты және мемлекеттік қызмет атқару ерекшеліктерін дәріптей отырып, іскерлік қарым-қатынасқа, тараптардың жоғары жауапкершілігі мен жоспарға сәйкес жұмыс жасау бағытындағы ортақ мүддеге негізделеді.


Тараптар қол қойған күннен бастап жобаны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспарымен таныстырылады, жоспар келесі мәселелер бойынша өзара түсіністікке қол жеткізеді:

1. Инспекция мемлекеттік қызметші мамандығын дәріптеу бойынша жастармен кездесу өткізу;
2. Инспекция жастарды тартып, оның ішінде өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралай отырып, мемлекеттік органдарда ашық есік күндерін өткізу;

3. «Үздік мемлекеттік қызметші» (Инспекцияда болған жағдайда) төс белгісі жеңімпаздарының студенттермен кездесуін ұйымдастыру;
4. Инспекция студенттер үшін орталық мемлекеттік органдар басшылығымен бейіндік бағыттар бойынша дәрістер өткізу;
5. Колледж студенттердің келіп қатысуын қамтамасыз ету;
6. Тараптардың өзара іс-қимылы ақпарат алмасу, тараптарға ұсынымдар, хаттар мен өзге де құжаттар жіберу, меморандумдар, бірлескен жоспарлар, ашық есік күні, кездесулер ұйымдастыру және тараптар үшін қолайлы өзге де нысандарда іске асырылады.
7. Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы өзара келісім бойынша осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.
8. Осы Меморандумға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделсе және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.
9. Осы меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды.
10. Осы меморандум қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және Тараптар 2025 жылдан бастап 2027 жыл аяқталғанша өз күзіреті шеңберінде іс-шаралардың орындалуына жауапты.

Меморандумға қол қойғандар:

Атырау облыстық
орман шаруашылығы және
жануарлар дүниесі аумақтық
инспекциясы басшысы

 Р.Г. Даулетов
2025 жылғы «30» 04

О.Көшеков атындағы
Атырау аграрлы-техникалық
колледжінің директоры

 И.И. Джанзаков
2025 жылғы «30» 04